

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы
Стратегиялық даму және сапа комитетінің мәжілісінің
№2 хаттамасы

Түркістан қаласы
сағат 15:00

26 қаңтар 2024 жыл

Қатысқандар: Комитет мүшелері – 18 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлемдік рейтингтерге (QS, THE және т.б.) қатысу туралы;
2. Университеттің Сапа саясатын актуализациялау;
3. Университет құрылымдарында жүргізілген 2023-2024 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы;
4. Сыртқы аудит нәтижелері туралы;
5. Әртүрлі мәселелер.
 - 5.1 Университеттің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы туралы.
 - 5.2 ТСИ жақсарту ұсынымдары.
 - 5.3 Ішкі аудитті өткізу және ұйымдастыру (ҚП-ХКТУ-9.2-2021) құжаттандырылған процедурасын актуализациялау.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы қазіргі таңда университетіміз қатысып отырған әлемдік рейтингтер жөнінде қысқаша таныстырып өтті. А.Ошибаева университетіміз беделді Халықаралық үздік университеттер рейтингі QS World University Rankings 2023 бойынша ең үздік 1000 университет қатарына екінші рет еніп, 787-ші орында көрінгенін және әлемнің ең үздік университеттерінің пән бағыттары бойынша кезекті рет үш жоғары рейтингте қатарынан көрінгенін айтып өтті. Алдағы уақыттарда іс-шараларды әрі қарай жоспарлап, осы позицияны сақтап және жоғары орындардан көрінуіміз керек деп ойын түйіндеді. Әрі қарай жалпы мәлімет беру үшін Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаеваға сөз кезегін берді.

Орталық басшысы С.Қырықбаева QS агенттігі бойынша жоғары орындардан көріну университетіміз үшін аса маңызды екенін айтып, қазіргі уақытта жүріп жатқан іс-шараларды ретімен таныстырды. QS World University Rankings рейтингіне қатысу мақсатында университет бойынша жалпы статистикалық мәліметтер яғни, агенттік методологиясы бойынша 2022-2023 оқу жылындағы университет қызметкерлерінің саны, шетелдік қызметкерлер, ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер саны, жалпы бакалавриат деңгейінде оқитын білімгерлер, шетелден келген білімгерлер саны, жоғары оқу орнынан кейінгі оқуын жалғастырған студенттердің жалпы саны. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалар саны, бакалавр, магистратура, докторантура, резидентураның оқу төлем ақысы (АҚШ долларында), мемлекеттік грант негізінде және жеңілдікпен оқитын білімгерлер саны және де, жалпы оқуын бітірген түлектер, жұмысқа орналасу туралы және т.б түлектер бойынша мәліметтер жинақталғанын айтып өтті. Жалпы статистикалық мәліметтер сарапталғаннан кейін агенттік порталына 09 ақпанға дейін салып бітуіміз керек деді. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетін бағалай алатын академик және жұмыс беруші эксперттер туралы мәлімет 20% жаңартылып, аталған мерзімде агенттік хабына ендірілетінін, академиялық эксперттер мен жұмыс берушілердің сауалнамаға қатысуының маңыздылығы жөнінде атап өтті.

Орталық басшысы С.Қырықбаева бұдан бөлек тағы да өте маңызды саналатын Times Higher Education (THE) рейтинг агенттігі туралы айта келе, күз айларында Impact Rankings, яғни университеттердің қоғамға әсерін айқындайтын рейтингке методологияға сәйкес статистикалық мәліметтер агенттік порталына салынғанын айтып өтті. Ендігі кезекте THE WUR (times higher education World University Ranking) глобалды рейтингіне мәліметтер жинақталып, сарапталуда. Аталған рейтингке 10 факультеттен академиялық жыл бойынша және де басқа бөлімдерден мәлімет сұралды. Мәліметтер төмендегідей: оқытушылар саны, халықаралық/шетелдік оқытушылар саны, әйел оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, білімгерлердің жалпы саны, халықаралық/шетелдік білімгерлер саны, әйел білімгерлердің саны, магистранттар, докторанттар, академиялық ұтқырлықпен шыққан білімгерлер, бакалавр дәрежесі берілген түлектер, докторлық дәрежелері бар, ғылыми докторлық дәрежелер бар қызметкерлер мен білімгерлер. Және жалпы институционалдық табыс, зерттеулерден кірген табыс суммасы туралы мәліметтер. Университет бойынша жалпы мәліметтерді агенттік порталына 30 наурызға дейін ендіру керектігін атап өтті. Қорытындылай келе QS, THE хабына мәліметтерді енгізу бойынша ұйымдастырылған жұмыстарды қанағаттанарлық деп есептеуді ұсынды.

Шешім:

Ахмет Ясаун университетінің әлемдік университеттер рейтингтеріне (QS, THE және т.б.) қатысу бойынша ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаева университеттің Сапа бойынша саясатын актуализациялаудың қажеттілігі жөнінде хабарлап, комитет мүшелеріне Сапа бойынша саясаттың жаңа жобасын (қосымша тіркелді) талқылауға ұсынды. Комитет мүшелері бірқатар пікір алмасулардан соң Сапа бойынша саясатының жаңа жобасын толық қолдайтындықтарын білдіріп, Сенат мәжілісіне жолдауды ұсынды.

Шешім:

Университеттің Сапа бойынша Саясатының жобасы Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі - 2023-2024 оқу жылының ішкі аудит мәселелері бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаева университетіміздің құрылымдық бөлімдерінде жүргізілген кешенді ішкі аудит нәтижелері туралы айтып өтті. Ішкі аудиттің мақсаты – университетте қолданыстағы сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001 Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін анықтау. Стандарт талаптарына сәйкес жыл сайын бір рет кешенді ішкі тексеру жүргіземіз, осы оқу жылында да университет ректоры бекіткен №181, 26.09.2023ж. күнгі «Ішкі аудит өткізу туралы» бұйрығы негізінде, арнайы бағдарламаға сәйкес 3 кезеңмен кешенді ішкі аудит жоспарланып, аудиттің I кезеңі академиялық және II кезеңі академиялық емес құрылымдарда жүргізілді. Ішкі аудиттің III-кезеңінде Ахмет Ясаун университетінің Клиника-диагностикалық орталығында Сапаны ішкі қамтамасыз ету аудитінің бағдарламасы бекітіліп, аудит жүргізу жоспарланған болатын. Алайда, Клиника-диагностикалық орталығында ағымдағы жылы аккредитация процедурасы жүргізілгендіктен аудит мерзімі кейінге шегерілгендігін айтып өтті.

Жалпы университет бойынша 154 сәйкессіздік анықталғанын (91 елеулі, 63 елеусіз сәйкессіздік), бөлімдерге анықталған сәйкессіздіктерді түзетуге мерзім берілгенін, сәйкессіздіктердің толыққа жуығы жойылғанын айтты.

Орталық басшысы ішкі аудит барысында университет құрылымдарында жүйелі түрде қайталанатын сәйкессіздіктерді атап өтті. Олар жоспарлау, жоспардың оқу жылының басында уақтылы рәсімделмеуі, бекітілмеуі, факультеттердегі Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жұмысы нәтижелері бойынша хаттамалардың рәсімделмеуі, веб-сайт мәліметтерінің дұрыс болмауы, нормативті құжаттармен қызметкерлердің таныспауы, оны толық білмеуі, әртүрлі құжаттардың дұрыс рәсімделмеуі.

Орталық басшысы С.Кырыкбаева бұдан бөлек тағы да өте маңызды саналатын Times Higher Education (THE) рейтинг агенттігі туралы айта келе, күз айларында Impact Rankings, яғни университеттердің қоғамға әсерін айқындайтын рейтингке методологияға сәйкес статистикалық мәліметтер агенттік порталына салынғанын айтып өтті. Ендігі кезекте THE WUR (times higher education World University Ranking) глобальды рейтингіне мәліметтер жинақталып, сарапталуда. Аталған рейтингке 10 факультеттен академиялық жыл бойынша және де басқа бөлімдерден мәлімет сұралды. Мәліметтер төмендегідей: оқытушылар саны, халықаралық/шетелдік оқытушылар саны, әйел оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, білімгерлердің жалпы саны, халықаралық/шетелдік білімгерлер саны, әйел білімгерлердің саны, магистранттар, докторанттар, академиялық ұтқырлықпен шыққан білімгерлер, бакалавр дәрежесі берілген түлектер, докторлық дәрежелері бар, ғылыми докторлық дәрежелер бар қызметкерлер мен білімгерлер. Және жалпы институционалдық табыс, зерттеулерден кірген табыс суммасы туралы мәліметтер. Университет бойынша жалпы мәліметтерді агенттік порталына 30 наурызға дейін ендіру керектігін атап өтті. Қорытындылай келе QS, THE хабына мәліметтерді енгізу бойынша ұйымдастырылған жұмыстарды қанағаттанарлық деп есептеуді ұсынды.

Шешім:

Ахмет Ясауи университетінің әлемдік университеттер рейтингтеріне (QS, THE және т.б.) қатысу бойынша ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева университеттің Сапа бойынша саясатын актуализациялаудың қажеттілігі жөнінде хабарлап, комитет мүшелеріне Сапа бойынша саясаттың жаңа жобасын (қосымша тіркелді) талқылауға ұсынды. Комитет мүшелері бірқатар пікір алмасулардан соң Сапа бойынша саясатының жаңа жобасын толық қолдайтындықтарын білдіріп, Сенат мәжілісіне жолдауды ұсынды.

Шешім:

Университеттің Сапа бойынша Саясатының жобасы Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі - 2023-2024 оқу жылының ішкі аудит мәселелері бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева университетіміздің құрылымдық бөлімдерінде жүргізілген кешенді ішкі аудит нәтижелері туралы айтып өтті. Ішкі аудиттің мақсаты – университетте қолданыстағы сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001 Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін анықтау. Стандарт талаптарына сәйкес жыл сайын бір рет кешенді ішкі тексеру жүргіземіз, осы оқу жылында да университет ректоры бекіткен №181, 26.09.2023ж. күнгі «Ішкі аудит өткізу туралы» бұйрығы негізінде, арнайы бағдарламаға сәйкес 3 кезеңмен кешенді ішкі аудит жоспарланып, аудиттің I кезені академиялық және II кезені академиялық емес құрылымдарда жүргізілді. Ішкі аудиттің III-кезеңінде Ахмет Ясауи университетінің Клиника-диагностикалық орталығында Сапаны ішкі қамтамасыз ету аудитінің бағдарламасы бекітіліп, аудит жүргізу жоспарланған болатын. Алайда, Клиника-диагностикалық орталығында ағымдағы жылы аккредитация процедурасы жүргізілгендіктен аудит мерзімі кейінге шегерілгендігін айтып өтті.

Жалпы университет бойынша 154 сәйкессіздік анықталғанын (91 елеулі, 63 елеусіз сәйкессіздік), бөлімдерге анықталған сәйкессіздіктерді түзетуге мерзім берілгенін, сәйкессіздіктердің толыққа жуығы жойылғанын айтты.

Орталық басшысы ішкі аудит барысында университет құрылымдарында жүйелі түрде қайталанатын сәйкессіздіктерді атап өтті. Олар жоспарлау, жоспардың оқу жылының басында уақтылы рәсімделмеуі, бекітілмеуі, факультеттердегі Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жұмысы нәтижелері бойынша хаттамалардың рәсімделмеуі, веб-сайт мәліметтерінің дұрыс болмауы, нормативті құжаттармен қызметкерлердің таныспауы, оны толық білмеуі, әртүрлі құжаттардың дұрыс рәсімделмеуі.

Сонымен қатар, орталық басшысы ішкі аудит процедурасын өзгерту жоспарланып жатқанын, алдағы уақыттарда аудит форматы оңтайландырылатыны туралы және аудит жүргізу үшін чек-парақтар рәсімделіп, оны автоматтандыру көзделгенін атап өтті. Ішкі аудиттің I және II кезеңде жүргізілген тексеру нәтижелерін назарға алуды және әрі қарай талдау үшін Сенат отырысына жіберуді ұсынды.

Шешім:

Университетте жүргізілген ішкі аудиті туралы мәліметтер Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

4. Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева күн тәртібіндегі төртінші мәселе сыртқы аудит нәтижелері туралы айтып өтті. Университеттің жұмысына, оның нәтижесіне баға беретін, процесті бағалайтын тағы бір тарап ол сыртқы аудиторлар, яғни Түркия стандарттар институты сарапшылары. Түркия стандарттар институты тарапынан 26.10.2023-27.10.2023ж. күндері аралығында сыртқы бақылау аудиті жүргізілгенін, Аудит барысында университеттегі көшбасшылық пен қамтамасыз ету процестеріне, стандарт талаптарына сәйкестігіне ден қойылды. Сыртқы аудиторлар жоғарғы басшылықпен кездесіп, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы жұмыстарымен, Сапа жөніндегі жетекшілік, құжатталған ақпараттарды басқару процедураларымен, ішкі аудит нәтижелерімен танысты. Университет ректорымен, Ректор өкілімен сұхбаттасты, Кітапхана, Ақпараттық технологиялар департаментін, Шаруашылық департаментін, Спорт және өнер факультетін, Сатып алу бөлімін, Экология ғылыми-зерттеу институтын, «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжін аралады. Орталық басшысы аудиторлар университеттегі сапа менеджменті жүйесінің құжат түрінде рәсімделуіне, жұмыс жағдайында қолданылуына, сонымен қатар, оның үнемі толықтырылып отыруына, тұтынушылар мен сыртқы мүдделі тараптардың талаптарын анықтау және қанағаттандыру үшін қажетті механизмдерді жасау мен қамтамасыз етуде жауапкершілікті ұлғайту механизмдеріне баса мән бергенін атап өтті. Аудит нәтижелерін қорытындылау барысында сыртқы аудиторлар тарапынан жоғары басшылықтың сапа менеджменті жүйесіне баса мән беретінін, университет миссиясына және құндылықтарына қатысты маңызды көзқарастар ұстанатыны, университет қызметінің нәтижелеріне әсер ететін іскерлік және сыртқы мәселелерді нақтырақ анықтау, университеттің мүдделі тараптарының қажеттіліктерін талдау және тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдау кезінде нәтижелерді пайдаланып, оларды бағалау пайдалы екенін, мақсатқа жету үшін не істеу керектігін нақты жоспарлауға және мақсаттар арқылы қызметкерлердің басқару туралы хабардарлығын арттыру қажеттілігі туралы айтылды деп сөзін қорытындылады.

Шешім:

Университетте Түрік стандарттар институты (Анкара) тарапынан жүргізілген сыртқы бақылау аудиті туралы мәліметтер Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

5. Әртүрлі мәселелер:

5.1 Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелердегі бірінші сұрақ бойынша Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 «ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы қабылданғанын. Сонымен қатар, 2023 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын және ғылыми ұйымдарды дамыту бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі Әдістемелік ұсыныстар» әзерленгенін айтып өтті. Осыған сәйкес, университетіміздің 2022-2026 жж. арналған Стратегиялық даму жоспары «Даму бағдарламасы» болып, тұжырымдамаға сәйкес қайта әзірленіп жатқанын тілге тиек етті. Бұл ретте, Ахмет Ясауи университетінің 2024-2029 жылдарға Даму бағдарламасының жобасын талқылау мақсатында 2023 жылдың қараша айында Стратегияның миссиясы және келешек келбетін талқылау бойынша

стратегиялық сессия ұйымдастырылғанын атап өтті. Осы стратегиялық сессияда «Университеттің миссиясы және келешек келбеті» жобаларын сараптау және талдау комиссиясы құрылып, комиссия шешімімен университетіміздің миссиясы мен стратегиялық мұраты жобасы ұсынылды. Сонымен қатар, стратегиялық сессияның қорытынды отырысы өтіп, стратегиялық бағыттар бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштері: мақсатты индикаторлар және стратегиялық міндеттерді іске асыру индикаторлары талқыланды. Стратегиялық сессияға қатысушылар бағдарлама жобасын зерделеп, барлық индикаторлар бойынша негізгі көрсеткіштердің мәндерін енгізді. Сала бойынша вице-ректорлар әрбір бағыт бойынша индикаторларды ұсынып, нәтижесінде, Ахмет Ясауи университетінің 2024-2029 жылдарға Даму бағдарламасының жобасы әзірленгенін айтып өтті. комитет төрайымы сөзін қорытындылай кере Даму бағдарламасының жобасын Сенат мәжілісіне талқылауға жіберуді ұсынды.

Шешім:

Ахмет Ясауи университетінің 2024-2029 жылдарға Даму бағдарламасының жобасы Сенат мәжілісіне талқылауға ұсынылсын.

5.2 Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелердегі екінші сұрақ бойынша С.Кырыкбаева Түркия стандарттар институты тарапынан 26.10.2023-27.10.2023ж. күндері аралығында сыртқы бақылау аудиті жүргізілгенін айта келе, сыртқы бақылау аудиті кезінде берілген жақсарту ұсынымдары бойынша түзетуші әрекеттер жоспарының (қосымша тіркелді) жобасын комитет мүшелерінің назарына ұсынды. Комитет мүшелері сыртқы аудиторлардың ұсынымдары бойынша әзірленген жүзеге асыру жоспарын назарға алуды және бекіту үшін Сенат отырысына жіберуді ұсынды.


Шешім: Түрік Стандарттар институты (Анкара) сыртқы бақылау аудиті бойынша ұсыныстарын 2023-2024 оқу жылына жүзеге асыру жоспары Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын.

5.3 Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелердегі үшінші сұрақ бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева Ішкі аудитті өткізу және ұйымдастыру (ҚП-ХҚТУ-9.2-2021) құжаттандырылған процедурасын актуализациялау қажеттілігі туралы айтып өтті. Түрік стандарттар институтының аудиторларының ұсынымдарына орай сәйкессіздік актісінің (Қосымша тіркелді) құрылымына өзгеріс енгізілгенін айтты.

Шешім:


Ішкі аудитті өткізу және ұйымдастыру (ҚП-ХҚТУ-9.2-2021) құжаттандырылған процедурасы бекітуге ұсынылсын.

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Хатшы



А.Бакирова

